

# Қазақ тілі (B2 деңгейі). 2-семестрге арналған. 14-сабақ. Бірінші бөлім.

**Лексикалық тақырып:** Кәсіби сөйлеу мәдениеті.

**Грамматикалық тақырып:** Кәсіби терминдер, ғылыми стиль ерекшеліктері.

**Оқылым. 1-тапсырма.** Мәтінді түсініп, мәнерлеп оқыңыз.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында адам капиталы және бәсекеге қабілетті кадрлардың сапасын арттырудың маңыздылығы белгіленген. Болашақ мамандар білімін өз кәсібінде ұтымды пайдалана алатын күзіретті, әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар болуы тиіс.

Болашақ маман, бүгінгі студент өзінің алға қойған мақсаттарына жетуі үшін үнемі оқып, ізденіп, білімі мен біліктілігін арттыруы тиіс. Қазіргі жастардың бірнеше тілді меңгеруге қабілеттері жетеді. Ал өз елімізде жұмыс істеп, өз қызметіне қатысты кәсіби қазақ тілін жетік білсе, ұтары көп болмақ. Қоғамымыз тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жақтан да жаңғырып жатыр. Осыған сәйкес, мемлекеттік тілді жетік меңгерген, тәуелсіз мемлекетіміздің болашағына адал қызмет ететін кәсіби мамандардың сөйлеу мәдениеті де жоғары деңгейде болғаны дұрыс. Сөйлеу мәдениеті – адамның тәрбиелігінің көрсеткіші. Сөйлеу әрекетінде сөйлеудің мазмұны мен сөйлеу мәнеріне назар аудару керек. Адам мәдениетінің алғышарты – дұрыс сөйлей білу. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзінің сөздік мәнін жояды. Сөздің мазмұны – екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы. Кәсіби тілде сөйлегенде айтылатын ой нақты болып, сөздер мәнерлі, мазмұнды болғаны жақсы. Сөздің мәнері – адамның сөйлеу кезіндегі әрбір сөйлемді тыңдаушысына жеткізе білуі. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын, түсінісетін негізгі құралы – тіл. Дұрыс қарым-қатынас жасау үшін әр адамның сөйлесе білуі керек. Сөз, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы тиіс. Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін ойдың мазмұнына сәйкестендіріп сөйлеу – тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі.

## Жазылым. Мәтінмен жұмыс.

**2-тапсырма.** Мәтіндегі жаңа сөздерді жазып, сөздік қорыңызды толықтырыңыз.

**3-тапсырма.** Мәтінде қандай сөздер жиі қайталанатын? Жиі қайталанатын сөздерді теріп жазыңыз.

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жазыңыз.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нені арттырудың маңыздылығы белгіленген?

Адамның тәрбиелігінің көрсеткіші не?

Тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі қандай?

**Айтылым.**

**5-тапсырма.** Төменде берілген ақпарат бойынша қосымша мәліметтер айтыңыз.

Кәсіби сөйлеу мәдениеті нені қамтиды?

- мамандықтың терминологиясын білуді;
- кәсіби тақырыпта сөз сөйлеуді құра білуді;
- кәсіби диалогты ұйымдастыра білу және оны басқара білуді;
- кәсіби қызмет мәселелері бойынша маман емес адамдармен қарым-қатынас жасай білуді.

Кәсіби қызметте заманауи маманға қажетті мінез-құлықтар:

- кәсіби терминологияны білу;
- кәсіби сөйлеу стилін білу;
- қарым-қатынастың жақсы атмосферасын құру және қолдау;
- эмоциялық жағдайды бақылау және эмоцияларды білдірудің жоғары дәрежесі;
- сөйлеудің нақтылығын, логикалық және мәнерлілігін қадағалай білу.

## Тіл дамыту жұмысы.

«Менің жұмыс күнім» тақырыбы бойынша әңгіме даярлап айтыңыз.

Еңбек туралы бірнеше мақал-мәтелдер айтыңыз.

### 6-тапсырма. Мұқағали Мақатаев. Үш бақытым. Өлеңді жаттап алыңыз.

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.  
Ал екінші бақытым – Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім.  
Бақытым бар үшінші – Отан деген,  
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!

... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?  
Ойланбай-ақ кел дағы от ал менен.  
Түгін түтет,  
Өс, өрбі, көгере бер,  
Немерелер көбейсін, шөберелер.  
Жадында ұста:  
Жақсылық күтпегейсің!  
От емес, оқ сұрасаң менен егер!  
Үш бірдей бақытым бар алақанда,  
Мені мұндай бақытты жаратар ма?  
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,  
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

**Тыңдалым.** Бұқаралық ақпарат құралдарынан «Менің мамандығым» тақырыбына арналған бейне жазбаларды қарап тыңдаңыз, қысқаша мазмұнын айтып беріңіз.

**14-сабақ.** Бірінші бөлім аяқталды. Сабақтың жалғасы екінші бөлімде қарастырылады.